

## Қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 125 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 желтоқсанда № 10015 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 22 тамыздағы № 579 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 22.08.2022 № 579 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 38-8) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның ресми жариялауға бұқаралық ақпараттық құралдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

2014 жылғы 24 қараша

## Қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру қағидалары

1. Осы Қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2007 жылғы 9 қанчардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының

38-8) тармақшасына сәйкес әзірленді және қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың әрекеті сот шешімі бойынша республикалық меншікке түсken иесіз қауіпті қалдықтар полигондарына қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қалдықтарды орналастыру полигоны - өндіріс қалдықтарын орналастыру және оларды кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу немесе түпкілікті көму мақсатында әрбір қалдық түрі үшін белгіленген кезеңге тұтыну үшін арнайы жабдықталған жабдықтар;

2) қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қоры - полигон жабылғаннан кейін оны рекультивациялау және мониторингілеу үшін қалдықтарды орналастыру полигоны меншік иесінің жалпы қаражатының құрамында қалыптастырылатын қор;

3) меншік иесі – қалдықтарды орналастыру полигонының меншік иесі болып табылатын жеке және занды тұлға.

4. Қалдықтарды орналастыру полигондарының жою қорын (бұдан әрі - жою қоры) полигон жабылғаннан кейін полигон аумағының жерін рекультивациялау жөніндегі іс-шараларды және қоршаған ортаға әсерінің мониторингін жүргізу үшін қалдықтарды орналастыру полигонының (бұдан әрі - полигон) меншік иесі құрады.

5. Жою қорын құру қалдықтарды орналастыру полигонының жобасымен көзделуі тиіс.

6. Жою бойынша жұмыстар көлемін және оларды орындау үшін қажетті қаражаттың көлемін айқындау үшін полигон иесі полигонды жою жобасын әзірлейді.

7. Полигонды жою бойынша жобада аумақты рекультивациялау,

1-сыныптағы полигондар үшін отыз жыл ішінде, 2-сыныптағы полигондар үшін жиырма жыл ішінде қоқыс газдың және сұздің судың шығарындыларына

мониторинг жүргізу бойынша жұмыстарды орындау қарастырылуы тиіс. Бұлған жерлерге рекультивациялау және кейіннен мониторинг жүргізуге арналған қаражат полигонды жою қорынан түседі.

8. Қалдықтарды орналастыру полигонының жобасы, полигонды жою бойынша жоба Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік экологиялық сараптамаға жатады.

9. Полигонды жою бойынша жобаның негізінде меншік иесі жою бойынша жұмыстардың жоспарын және оны іске асыруға шығындар сметасын әзірлейді. Жалпы сметалық құны полигонды пайдаланған кезде бұзылған топырақтың аланы мен сипаттамаларына, орналастырылатын қалдықтардың көлемдеріне, санына және сыныбына, полигонды жою процесінде пайдаланылатын материалдар мен техниканың құнына қарай полигонды жою жобасына сәйкес жоюға байланысты барлық шығыстарды қамтуға тиіс. Көрсетілген шығындар инфляция индексін ескере отырып, жою бойынша жұмыстардың басталуы болжанатын күніне есептеледі.

10. Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды жүргізу үшін жою қорына қалдықтарды орналастыру полигонын пайдаланудың басынан бері меншік иесі тұрақты аударатын қаражат шоғырланады.

11. Қор полигонды пайдалану басталған күнінен бастап меншік иесі жүзеге асыратын жыл сайынғы аударымдар есебінен құрылады. Жою қорына жыл сайынғы аударымдар мөлшері полигон жойылуы тиіс уақыт кезеңіндегі (жылдар саны) есеп айырысудағы полигонды жоюға арналған шығынның түзу бара-бар жалпы сметалық құнымен анықталады.

12. Жою қорына түсетін аударымдарды полигонның меншік иесі Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банкте арнайы депозиттік шотта жүргізеді.

13. Жою қорының қаражатын полигон меншік иесі (иесі) тек қана мемлекеттік экологиялық сараптаманың он қорытындысы алынған полигонды жою жөніндегі жобаға сәйкес полигонды жою жөніндегі іс-шараларға қолданылады.

14. Қажет болған жағдайда полигонды жою жөніндегі жұмыстардың жоспарына, оны іске асыруға арналған шығындардың сомасына, сондай-ақ аударымдар мөлшеріне түзетулерді жүзеге асырады. Көрсетілген түзетулерді енгізу тәртібі полигонды жою жобасында белгіленеді.

15. Егер жоюға арналған нақты шығындар жою қорында болған қаражаттың мөлшерінен асып кетсе, онда меншік иесі депозиттік шотқа қосымша толықтыруды жүзеге асырады.

16. Егер жоюға арналған нақты шығындар жою қорында болған қаражаттың мөлшерінен кем болса, онда ақшалай қаражаттың артығы полигон иесінің іелігінде қалады.

17. Полигон иесі жою қорына жасаған аударымдар, арнайы депозиттік шот ашылатын екінші деңгейдегі банктің атауы, шоттың жай-күйі туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанының ішінде жыл сайын хабардар етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК